

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 13 шілдедегі № 18-04/647 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 539 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 тамызда № 11925 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 18-04/1126 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 808 бірлескен бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.12.2015 № 18-04/1126 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 28.12.2015 № 808 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағы 2) тармақшасына, 13-бабының 3-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийі;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің кейбір бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде

мемлекеттік

тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ А. Мамытбеков

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жылғы " " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің

міндетін атқарушының

2015 жылғы 13 шілдедегі

№ 18 - 04 / 647 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 20 шілдедегі

№ 539 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

### **Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері**

1. Осы Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі -

Критерийлер) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және бақылау субъектілерінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін әртүрлі тәуекел дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы болып табылады.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында қызметін жүзеге асыратын субъектілер;

2) тәуекел – салдарларының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, тексеру субъектілері қызметінің нәтижесінде жануарлар дүниесіне зиян келтіру, аңшылық шаруашылығы мен балық шаруашылығы су айдындарындағы (учаскелеріндегі) экологиялық жағдайдың нашарлауы және биологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы ықтималдығы;

3) тәуекел дәрежесін бағалау – бақылау және қадағалау органы тексеріс белгілеу мақсатында жүргізетін іс-шаралар кешені.

3 . К р и т е р и й л е р :

1) бақылау субъектілері жүзеге асыратын қызмет түріне байланысты айқындалатын - объективті;

2) тексерулер нәтижелері бойынша анықталған, бақылау субъектілері жол берген жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзушылықтарға байланысты айқындалатын - субъективті болып б ө л і н е д і .

4. Бақылау субъектілері тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлерін ескере отырып, мынадай тәуекел дәрежелеріне жатқызылады:

1) тәуекелдің жоғары дәрежесі – аңшылық шаруашылығы мен кәсіпшілік балық аулау және ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің және энергетиканың мұқтажы үшін су жинаумен, ғылыми-зерттеушілік аулаумен айналысатын с у б ь е к т і л е р ;

2) тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған – вольерде және жартылай ерікті жағдайда, жануарлар объектісін өсірумен айналысатын субъектілер, сондай-ақ азаматтарды аңшылыққа минимумға оқытумен айналысатын ұйымдар, зоологиялық коллекциялардың иелері, хайуанаттар бақтары, биологиялық орталықтар, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастырумен, табиғи су айдындарында акваөсірумен айналысатын субъектілер.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған тексерілетін субъектілерге қатысты іріктеп тексерулер, жоспардан тыс тексерулер және бақылаудың басқа ны с а н д а р ы жү р г і з і л е д і .

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған тексерілетін субъектілерге қатысты жоспардан тыс тексерулер және бақылаудың басқа нысандары жүргізіледі.

5. Субъективті критерийлер мына көздерден алынған ақпаратты талдау нәтижелері негізінде айқындалады:

1) бақылау субъектілерінің осының алдындағы тексерулерін талдау нәтижелері;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің аумақтық инспекцияларына бақылау субъектілері беретін есептілік мониторингінің нәтижелері;

3) бақылау субъектілеріне жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан түскен расталған арыз-шағымдар мен өтініштердің болуы және олардың саны;

4) қызметі нәтижелерінде жануарлар дүниесіне зиян келтіру, аңшылық шаруашылығы, балық шаруашылығы су айдындарында (учаскелерінде) биологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы түрінде байқалған бақылау субъектілерінің кінәсінен туындаған, тіркелген қолайсыз оқиғалардың болуы.

6. Субъективті критерийлер бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды тәуекелдің жоғары тобына жатқызылатыны немесе жатқызылмайтыны бойынша бөлу төмендегі көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады:

№	Критерийлер	Бұзушылық дәрежесі
1	Тексеру субъектісімен аңшылық шаруашылығын жүргізу Шартында көрсетілген міндеттемелерін орындау	Өрескел
2	Тексеру субъектісінде аумақтық уәкілетті органымен келісілген аңшылық шаруашылығын жүргізу Жоспарының болуы және оның орындалуы	Өрескел
3	Кәсіпшілік аңшылықты жүргізу кезінде аңшылық шаруашылығы ұйымымен жасасқан Шарттың болуы	Өрескел
4	Тексеру субъектісінде ауланған жануарларды есепке алу журналының Аң аулау Қағидасының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (кәсіпшілік аңшылықты жүргізуге) болуы	Өрескел
5	Зоологиялық коллекциялар жинау жануарлар дүниесі объектілерін аулау, оларды жинау, сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен алу арқылы жүргізілу тәртібін сақтау	Елеулі
6	Жоғалып кету қаупі төніп тұрған жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда жасау туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттардың болуы	Елеулі
7	Бақылау субъектісінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауы	Елеулі
8	Аншлағтардың болуы	

9	Жануарларды интродукциялауға, реинтродукциялауға және будандастыруға рұқсаттың болуы	Елеулі
10	Жануарлар дүниесі объектілерін белгіленген лимиттен асырып және жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсаттарда көрсетілген мерзімдерден тыс, сондай-ақ тыныштық аймақтарында аулау	Өрескел
11	Балық ресурстарына әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін шаруашылық және өзге де қызметтің мемлекеттік экологиялық сараптамасының болуы	Өрескел
12	Балық шаруашылығын жүргізу Жоспарын бақылау субъектісінің орындауы	Елеулі
13	Тексерілетін субъектінің балық шаруашылығын жүргізу және балық аулау Шартында көрсетілген міндеттемелер мен тармақтарды орындау	Елеулі
14	«Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тіркелген және тіркеу нөмірлері көрсетілген жүзу құралдары	Елеулі
15	Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтаманың болуы	Елеулі
16	Балық қыстайтын шұңқырлардың, уылдырық шашатын жерлердің, балық шаруашылығы учаскелерінің және балық аулауға тыйым салынған жерлердің шекараларын белгілейтін бағандардың, қалқыма тану белгілерін жоюға жол бермеу	Елеусіз

7. Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне сәйкес реттеуші мемлекеттік орган 0-ден 100-ге дейінгі шкала бойынша субъективті критерийлердің тәуекел дәрежесінің көрсеткіші есептелінеді.

Өрескел дәрежелі бұзушылықтың біреуі 100 көрсеткіші болып есептелінеді.

Егерде өрескел дәрежелі критерийлердің бұзушылықтары анықталмаса тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтары бойынша тәуекел дәрежелерінің көрсеткіштері есептеліп, қ о с ы н д ы с ы а н ы қ т а л а д ы .

Елеулі дәрежелі бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау барысында 0,7 коэффициенті қолданылады және келесі формула бойынша есептеледі:

$$P_3 = (K_2 \times 100 / K_1) \times 0,7$$

Б ұ н д а :

$P_3$  – елеулі дәрежелі критерийлерін бұзу бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ;

$K_1$  – тексеру субъектісіне (объектісіне) қойылатын (талдау бойынша анықталған) елеулі дәрежелі бұзушылықтардың жалпы саны;

$K_2$  – бұзылған елеулі дәрежелі бұзушылықтардың саны.

Болмашы дәрежелі бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау барысында 0,3 коэффициенті қолданылады және келесі формула бойынша есептеледі:

$$P_n = (K_4 \times 100 / K_3) \times 0,3$$

Б ұ н д а :

$P_n$  – болмашы дәрежелі критерийлерін бұзу бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ;

$K_3$  – тексеру субъектісіне (объектісіне) қойылатын (талдау бойынша анықталған) болмашы дәрежелі бұзушылықтардың жалпы саны;

$K_4$  – бұзылған болмашы дәрежелі бұзушылықтардың саны.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (P) елеулі және болмашы дәрежелі бұзушылықтар бойынша көрсеткіштердің қосындысы арқылы келесі формула бойынша есептеледі:

$$P = P_3 + P_n$$

Б ұ н д а :

P – тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

$P_3$  – елеулі дәрежелі критерийлерін бұзу бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ;

$P_n$  – болмашы дәрежелі критерийлерін бұзу бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші .

8. Бақылау субъектісі тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша келесідей б ө л і н е д і :

1) жоғары тәуекел дәрежесіне жататындар – көрсеткіші 60-тан 100-ге дейін болған жағдайда, оған қатысты таңдаулы тексеру жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайтындар – көрсеткіш 0-ден 60-қа дейін болған жағдайда, оған қатысты іріктеп тексеру жүргізілмейді.

9. Іріктеп тексерулер тізімдері мынаны ескере отырып жасалады:

1) субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесінің ең көп көрсеткіштері бар бақылау субъектілерінің басымдылығы;

2) бір мемлекеттік инспекторға жүктеме.

10. Іріктеп тексеруді жүргізу еселігі жылына бір реттен жиі болмайды.

11. Іріктеп тексерулер жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша жарты жылға жасалатын іріктеп тексерулердің тізімдері негізінде жүргізіледі, бұл тізімдер тиісті есептік кезең басталғанға дейін он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы

м и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 1 3 ш і л д е д е г і

№ 1 8 - 0 4 / 6 4 7 ж ә н е

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 20 шілдедегі  
№ 539 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша  
Нысан

**Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану  
саласындағы мемлекеттік бақылау аясындағы тексеру парағы**

\_\_\_\_\_ саласындағы  
(тексерілетін субъектілердің (объектілердің) біртекті тобының аталуы)  
Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеру тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
( № , күні )

Тексерілетін субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің (объектінің) (ЖСН), БСН \_\_\_\_\_

Орналасу орнының мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талап сәйкес келмей
1	2	3	4	5	6
1	Тексеру субъектісімен аңшылық шаруашылығын жүргізу Шартында көрсетілген міндеттемелерін орындау				
2	Тексеру субъектісінде аумақтық уәкілетті органымен келісілген аңшылық шаруашылығын жүргізу Жоспарының болуы және оның орындалуы				
3	Кәсіпшілік аңшылықты жүргізу кезінде аңшылық шаруашылығы ұйымымен жасасқан Шарттың болуы				
4	Тексеру субъектісінде ауланған жануарларды есепке алу журналының Аң аулау Қағидасының 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (кәсіпшілік аңшылықты жүргізуге) болуы				
5	Зоологиялық коллекциялар жинау жануарлар дүниесі объектілерін аулау, оларды жинау, сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, Қазақстан Республикасының заң актілерімен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен алу арқылы жүргізілу тәртібін сақтау				

6	Жоғалып кету қаупі төніп тұрған жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда жасау туралы конвенцияның күші қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттардың болуы				
7	Бақылау субъектісінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауы				
8	Аншлағтардың болуы				
9	Жануарларды интродукциялауға, реинтродукциялауға және будандастыруға рұқсаттың болуы				
10	Жануарлар дүниесі объектілерін белгіленген лимиттен асырып және жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсаттарда көрсетілген мерзімдерден тыс, сондай-ақ тыныштық аймақтарында аулау				
11	Балық ресурстарына әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін шаруашылық және өзге де қызметтің мемлекеттік экологиялық сараптамасының болуы				
12	Балық шаруашылығын жүргізу Жоспарын бақылау субъектісінің орындауы				
13	Тексерілетін субъектінің балық шаруашылығын жүргізу және балық аулау Шартында көрсетілген міндеттемелер мен тармақтарды орындау				
14	«Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тіркелген және тіркеу нөмірлері көрсетілген жүзу құралдары				
15	Балықтың қайда ауланғаны туралы анықтаманың болуы				
16	Балық қыстайтын шұңқырлардың, уылдырық шашатын жерлердің, балық шаруашылығы учаскелерінің және балық аулауға тыйым салынған жерлердің шекараларын белгілейтін бағандардың, қалқыма тану белгілерін жоюға жол бермеу				

Лауазымды адам(дар) \_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Тексерілетін субъектінің басшысы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) лауазымы) (қолы)

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л                                      ш а р у а ш ы л ы ғ ы                      м и н и с т р і н і ң  
м і н д е т і н                      а т қ а р у ш ы н ы ң  
2 0 1 5                      ж ы л ғ ы                      1 3                      ш і л д е д е г і  
№                      1 8 - 0 4 / 6 4 7                      ж ә н е  
Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ                                      э к о н о м и к а                                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 5                      ж ы л ғ ы                      2 0                      ш і л д е д е г і



**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің кейбір бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп танылған бұйрықтардың тізімі.**

1) «Балық және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 16-02/519 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 308 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7245 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 16 қарашадағы № 543-547 (26939) санында жарияланған);

2) «Балық және басқа су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану аясындағы жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 14 қыркүйектегі № 16-02/521 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 309 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7244 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 16 қарашадағы № 543-547 (26939) санында жарияланған);

3) «Жануарлар дүниесін (балықтан және басқа су жануарларынан өзге) қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жеке кәсіпкерлік бойынша тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2011 жылғы 5 тамыздағы № 25-03-02/459 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 12 тамыздағы № 238 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7150 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 138-142 (27215) санында жарияланған).